



Мәртөк ауданы Тәңірберген ауылдық округінің Саржансай ауылының атаусыз көшесіне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Тәңірберген ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 5 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 27 сәуірде № 8280 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, Ақтөбе облыстық ономастикалық комиссиясының 2021 жылғы 26 наурыздағы № 1 қорытындысы негізінде және халықтың пікірін ескере отырып, Тәңірберген ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тәңірберген ауылдық округінің Саржансай ауылының атаусыз көшесіне, схемалық картаға сәйкес "Есет Көкіұлы" атауы берілсін.
2. "Мәртөк ауданының Тәңірберген ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Мәртөк ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Тәңірберген ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

А. Нурушева

Тәңірберген ауылдық округі әкімінің міндетін
атқарушы 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 5
шешіміне қосымша

Тәңірберген ауылдық округінің, Саржансай ауылының атаусыз көшесіне "Есет Көкіұлы" атауын беру туралы схемалық карта



Тәңірберген ауылдық округі әкімінің м.а. _____ А.С.Нурушева

 «Есет Көкіұлы» көшесі